

УДК 342

А. Ш. Маликова,
заң ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Сот төрелігі институты
«Қылмыстық құқық және әкімшілік
сотөндірісі» кафедрасының меңгерушісі

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада көмелетке толмағандардың қылмыс жасауының себептері мен жағдайлары жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар автор көмелетке толмағандар қылмыстарының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін қарастырған.

Тірек сөздер: қылмыстық құқық, криминология, көмелетке толмағандар.

Аннотация

В научной статье исследуются причины и обстоятельства совершения преступлений несовершеннолетними. Автор рассматривает также уголовно-правовые и криминологические аспекты преступлений, совершаемых несовершеннолетними.

Ключевые слова: уголовное право, криминология, несовершеннолетние.

Abstract

The scientific article investigates the causes and circumstances of the crime by juveniles. Also, the author examines the criminal and criminological aspects of the crimes committed by juveniles.

Keywords: criminal law, criminology, juvenile, crime and the causes of crime.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деп ұлы ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты тәрбие беруді жетілдіріп отыру басты парызымыз деп есептейміз. Қай елде, қай заманда болсын, бала тәрбиесіне ерекше мән берілген ғой. Өйткені, бала ата-анасының ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа аманат. «Тәрбиелі – тәртіптің құны, тәртіпті – елдің ұлы» – деп Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлы, ұрпақ – саналы өмірдің ең басты кепілі. Сол себепті балаларды барынша жан-жақты тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы борыш екендігін ескере отырып, көмелетке толмағандарды қорғау жолында, Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып бала құқықтарын қорғау жөніндегі дәйекті мемлекеттік саясаттың қисынды жалғасы болатын қадам жасады. Осы бағытта аз жұмыс атқарылған жоқ. Ең алдымен, көмелетке толмағандардың мүдделері қозғалатын құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық база құрылды. Көмелетке толмағандар құқықтарын қорғауға ел Конституциясында кепілдік берілді. Негізгі Заңға сәйкес «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң қабылданды. 1994 жылы Қазақстан БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» конвенциясын ратификациялады [1].

Халықаралық қағидаларды іске асыру мақсатында республикада жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылатын көмелетке толмағандарға арналған сот төрелігі институты кезең-кезеңімен енгізіле бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен еліміздің Астана және Алматы қалаларында көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Олардың құзыретіне көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер және олардың мүдделерін қозғайтын азаматтық істер жатқызылды. Осылайша, халықаралық құқықтық стандарттар талаптарын ескере отырып, сот өндірісін жетілдірудің маңызды құралы ретінде соттардың мамандануы бойынша сот реформасының тағы бір басым бағыты нақты өмірге енді.

2009–2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ювеналдық әділет жүйесін дамытудағы тұжырымдамасының барлық қатысушылары – судьяларды, полицейлерді,

прокурорларды, қорғаушыларды, жасөспірімдермен жұмыс істейтін әлеуметтік және оқыту-тәрбиелеу қызметтерінің өкілдерін біріктірген басты міндет – күнделікті практикалық қызметте бала құқықтарын мүлтіксіз сақтау болып табылады. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтауды мемлекеттік бақылау тетіктерін заңнамалық түрде бекіту Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне, атап айтқанда, 1985 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының өкімімен қабылданған БҰҰ ережелерінің стандарттарына негізделген. Осы нормаларға орай ювеналдық әділет кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот төрелігінің айрықша жүйесі ретінде айқындалған, онда жасөспірім сот өндірісіне түскенге дейін және үкім шығарылғаннан кейін де орталық буын – мамандандырылған сот әлеуметтік қызметтермен өзара тығыз іс-қимыл жасайды. Бұл ретте жасөспірімнің құқықтарын қорғау туралы, не оның қылмысы үшін сотталуы туралы сөз қозғалмайды. Басты қағидат – сот төрелігінің барлық кезеңдерінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қамтамасыз етілуі тиіс.

Кәмелетке толмағандарға арналған сот төрелігінің мақсаты – жеке басының одан әрі криминалдануына және баланың қоғамнан алыстауына жол бермеу, оны әлеуметтік оңалтуға ықпал ету. Осыны негізге ала отырып, ювеналдық соттар құру осы санаттағы істерді қараудың сапасын арттыру, жасөспірімдердің құқық бұзуларына жол бермеу мақсатында жүргізілетін алдын алу жұмысының деңгейін арттыруға бағытталған. Яғни, кәмелетке толмағанға қатысты қабылданған шаралар түзету және қайта тәрбиелеу мақсаттарына бағындырылуы тиіс. Осы жерде ең бастысы – қылмыстық мінез-құлықты түсіну әрі анықтау және олардың жастық ерекшеліктерін ескере отырып, кінәлілерге әсер етудің тиімді тәсілдерін іздестіру. Осы себеппен кәмелетке толмағандарға қатысты істер мамандардың айрықша ден қоюын, жоғары біліктілігін талап етеді. Осы санат адамдарының істері бойынша қылмыстық сот төрелігінің ерекшелігі барлық мән-жайларды ескере отырып, заңға қайшы келген жасөспірімге жеке, жұмсақ жазалау шараларын қолданудан, сондай-ақ оның барлық азаматтық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуден танылады [2, 15–16-б.].

Кәмелетке толмағанның жалпы құқықтық мәртебесі – қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде әрбір адамның иеленетін құқықтары, міндеттері мен заңды мүдделерінің жиынтығы болып табылады, оның мазмұны конституцияда бекітілген және кепілдік берілген құқықтармен және міндеттермен сипатталады.

Қағидалар мемлекет қорғайтын негізгі бастау, ойлар ретінде адам және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, міндеттерін жүзеге асыруға бағытталады. Кәмелетке толмаған адамның құқықтық мәртебесінің қағидалары балалардың қатысуымен жүзеге асатын қоғамдық қатынастардың жекелеген салалары бойынша топтастырылған: ювенальды әділет қағидалары, гуманитарлық көмек көрсету қағидалары, ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған, зорлық-зомбылықтан жәбір көрген балаларға көмек көрсету, балаларды асырап алу, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б. қағидалары. Бала құқықтары мен бостандықтары адам және азаматтардың жалпы құқықтарынан туындайды және кейінгілерінің барлық сипаттамалары балаларға қатысты болып табылады. Олар дәстүрлі түрде жіктеледі. Қазақстан Республикасының Конституциясында жас мөлшеріне қарамастан адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты қазынасы екендігі айтылған. Отбасын, ананы, әкені, баланы мемлекеттік қолдау жүйесін іске асыру жолымен бала мүддесін көздейтін әлеуметтік саясатты жүзеге асыру тетігі анықталды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болатындығы бекітілген. Конституциялық құқық нормалары адам және азамат құқықтары мен бостандықтары саласында балалар мен үлкендердің тең жағдайын бекіткен (Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімі).

Бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселесі дүниежүзілік қауымдастықтың басты мәселесі болып отыр. Бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде халықаралық қатынастарды реттеу және мемлекеттердің өзара халықаралық қатынас процесінде пайда болатын барлық мәселелер мен сұрақтарды шешу үшін мемлекеттер құратын, халықаралық құқықтық қағидалар мен нормалардың біртұтас жүйесі болып табылатын халықаралық құқық ерекше рөлге ие. Бала құқықтарын қорғау мәселесі бойынша аса қолайлы және қалаулы нәтижелерге тек халықаралық-құқықтық реттеу жолымен ғана жетуге болады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі Қазақстан таныған халықаралық құқық ережелерінің негізінде қалыптасады. Конвенция Қазақстан Республикасында бала құқықтарын реттеудің құқықтық импульсі болды, ол құқықтардың халықаралық қағидалар

мен стандарттарға сай түрде заңнамалық деңгейде бекітілуінің және балалардың мүддесіне қатысты жүргізілетін мемлекеттік саясатты дамытудың басымды негізін құрайтын тиімді құрал болып табылады. Дүниежүзілік және отандық практика көрсеткендей мемлекеттің халықаралық шарттарға қосылуы ұлттық құқықтық базаның жақсаруына, бала құқықтары мен міндеттері сақталмаған жағдайда әлемдік қауымдастық алдында жауапкершіліктің артуына әкеп соғады. Елдің беделі, оның халықаралық талаптарға сәйкес келетін және өскелең ұрпақтың дамуы мен тәрбиеленуіне жеткілікті жағдайларды қамтамасыз ететін әлеуметтік бағдарлы саясатты ұстануы осындай, бір қарағанда қарапайым боп көрінетін нормаға тәуелді болып табылады.

1924 жылы Ұлттар Лигасы қабылдаған «Бала құқықтарын қорғау туралы декларация» балалық шақты қорғау жөніндегі бірінші жүйелендірілген халықаралық құқықтық акт болып табылады. Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесінің ерекше тобын 1989 жылғы «Бала құқықтары туралы конвенциядан» бастау алатын қағидалар құрайды. Ол «Бала құқықтары декларациясында» (1959 ж.) көрсетілген балалық шақты қорғаудың құқықтық аспектісінің он қағидасы туралы пікірдің мәнін аша отырып, кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесінің басқа тұлғаларға қатысты абсолюттілігін айқындайды. Мұнда баланың құқықтық мәртебесі мен оның отбасылық, материалдық жағдайының деңгейі арасында ешқандай тәуелділік бекітілмей, бала мүддесін барынша жақсы түрде қамтамасыз етуге баса назар аударылған. «Бала құқықтары туралы конвенцияға» сәйкес кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесіне:

- балалардың тең құқылығы (2-бап);
- кемсітушілік пен жіктеудің кез келген түріне жол бермеу (2-бап);
- балаға қатысты кез келген мәселені шешу кезінде бала мүддесінің басымдығы, яғни бала мүддесін тиімді қамтамасыз ету қағидасы (3-бап);
- баланың аманшылығын қорғау және қамқоршылықты қамтамасыз ету қағидасы (5-бап);
- өмір сүру құқықтарының ажырағысыздығы мен басымдылығы;
- мемлекетке олардың өмір сүруін және дамуын қамтамасыз ету міндеті жүктеледі (6-бап);
- баланың өз ойын білдіру, өзінің проблемалары жөнінде хабарлау құқығы: балалар тыңдалуға құқылы (12–15-баптар);
- баланың дербестігін сақтау қағидасы (8-бап);
- қорлау, азаптау, өзге де адамгершіліксіз және ар-намыс пен қадір қасиетті қорлайтын жазалар түріне жол бермеу (37-бап);
- ата-аналардың баланы тәрбиелеу мен дамытуға жауаптылығы (18-бап)
- қағидалары енгізілген, олар түпкілікті болып табылмайды және заңнаманы ізгілендірудің халықаралық процесіне сәйкес толықтырылып отырылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесі оның қоғамдық-құқықтық қатынастар жүйесінде алатын орнымен анықталып, оның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру бойынша нақты қалыптасатын шынайы мүмкіндіктермен және оған қойылатын талаптармен сипатталады. Жалпы құқықтық мәртебеге қарағанда кәмелетке толмағанның жеке мәртебесі динамикалы және ол нақты тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің ерекшеліктерін сипаттай отырып, адам өмірінде болатын нақты оқиғаларға байланысты өзгеруге бейім.

Арнайы құқықтық мәртебе құқық нормаларында белгіленген, мемлекет қызметінің қағидаларында бекітілген, жеке тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі арқылы иемделінетін мемлекеттегі, қоғамдағы құқықтық жағдайды білдіреді [3, 15-б.].

Әдетте, құқық субъектілігі адамның туылу сәтінен пайда болып, оның өлімімен тоқтатылады. Сонымен бір мезгілде кәмелетке толмағанның арнайы мәртебесі оның ерекшелігін әрекет қабілетсіздігі немесе ішінара әрекет қабілеттілігі арқылы айқындайды.

Кәмелетке толмағанның элементтер кешенімен сипатталатын құқықтық мәртебесі бір элементтің екінші элементке өзара бағыныштылығына негізделген кезекті детерминация заңдарына бағынады. Кәмелетке толмағанның ерекше құқықтары жөніндегі заңнама элементтері халықаралық, конституциялық, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, отбасылық, еңбек және өзге де заңнама салаларынан алынған нормативтік-құқықтық актілерден құралған. Аталған заңнама жүйесінің жағдайы құқықтық институттар мен құқық салалары арасындағы өзара байланысқа бағынышты. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтары аумағының көлемі «Неке және отбасы туралы», «Бала құқықтары туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және кәмелетке толмағандар үйлері туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық қолдау туралы» сияқты Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған.

Сонымен қатар, біздің мемлекет кәмелетке толмағандарға Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеу, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасау, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасау, тарих және мәдени ескерткіштерін сақтау, табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау секілді бірқатар міндеттер жүктейді («Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы). Бірінші кезекте, бала – отбасылық қатынастың субъектісі болып табылады, ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері балалардың заңмен белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді («Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы). Барлық уақытта қоғамның әлеуметтік құрылымында әлеуметтік қажеттілігі оның мұқтаждықтарымен сипатталатын адамдардың тұрақты тобы ретінде отбасына маңызды рөл беріледі. Президенттің «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей, «неке және отбасы институтын бекіту мәселесін талқылау керек». Түрлі әлеуметтік қызметтерді орындайтын отбасы қоғамдық дамуда маңызды әлеуметтік қызметті қамтамасыз ете отырып, жетекші рөл атқарады. Экономиканың, қоғамның әлеуметтік саласының дұрыс дамуымен тікелей байланысты осы бір шағын әлеуметтік топтың тұрақтылығына, оның әлеуметтік-экономикалық және адамгершілік ұстанымдарына келешек ұрпақ тағдыры да бағынышты болады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі – елдің болашақ азаматтарын тәрбиелеп өсіруде құқық тәртібін нығайту саласындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Балаларды тәрбиелеу, олардың өнегелік, физикалық және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – кез келген қоғамның басты міндеті.

ӘДЕБИЕТ

1 Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы ҚР Жоғарғы сотының 11 сәуір 2012 жылғы қаулысы.

2 ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Астана, 2013 жыл.

3 ҚР Қылмыстық кодексі. – Астана, 2013 жыл.

Дата поступления статьи в редакцию: 7 сентября 2013 г.